

# С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ ДАЙДЖЕСТІ

## Amanzholov University-дегі үздік оқиғалар, 2024 жыл

### ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫНА «СЕРПІН» ӨҢІРЛІК ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕСІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова ірі өңірлік ЖОО қызметімен танысу мақсатында С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде болды. Үкімет басшысы орынбасарының жұмыс сапары 2014 жылдан бастап ШҚУ-дың №1 оқу ғимараты базасында жұмыс істейтін «Серпін» жобалық кеңсесінде басталды.

[Толығырақ](#)

### ӨҢІРДЕГІ ҒЫЛЫМДЫ ДАМУҒА ҮШІН УНИВЕРСИТЕТ БАЗАСЫНДА «SHYGYS BASTAU» ТЕХНОПАРКІ ҚҰРЫЛДЫ



Нысанның негізгі қызметі – ғылыми коммерцияланған жұмыстарды және стартап жобаларды қолдауға бағытталған. Қазіргі уақытта технопарк базасында бірнеше жоба іске асырылуда. Технопарк қабырғасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы жиназ жасалады.

[Толығырақ](#)

### ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ВИЦЕ-МИНИСТРІ ДИНАРА ЩЕГЛОВА ШҚУ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРЫН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ



С. Аманжолов атындағы ШҚУ-ға Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Щеглова келді. Оның айтуынша, ШҚО — ға сапарының негізгі мақсаты — су проблемаларын шешу және алдын алу үшін өңір ғалымдарының жұмысын зерделеу және талдау.

[Толығырақ](#)

### ШҚО ӘКІМІ ЕРМЕК КӨШЕРБАЕВ ШҚУ-ДЫҢ СТАРТАП ЖОБАЛАРЫН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ



Аймақ басшысы Ермеқ Көшербаев С. Аманжолов атындағы ШҚУ-ға келіп, оқу орынының ғылыми қызметімен танысты. Жұмыс сапары аясында Шығыс Қазақстан облысының әкіміне коммерцияландыру кеңсесі таныстырылды.

[Толығырақ](#)

### ШҚУ-ҒА «QS STARS RATING SYSTEM» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГІНДЕ «4 ЖҰЛДЫЗ» БЕЛГІСІ БЕРІЛДІ



С.Аманжолов атындағы ШҚУ-ға «QS Stars Rating System» халықаралық рейтингінде «4 жұлдыз» белгісі берілді. Айта кетейік, қазақстандық жоғары оқу орындарының ішінде тек 15 университет аталған дәрежеге ие болды.

[Толығырақ](#)

### AMANZHOLOV UNIVERSITY «UI GREEN METRIC WORLD UNIVERSITY» РЕЙТИНГІНДЕ 13-ОРЫНҒА ИЕ БОЛДЫ



С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті «UI Green Metric World University» халықаралық рейтингіне қатысқан 1000 жоғары оқу орнының қатарына еніп, қазақстандық ЖОО арасында ШҚУ 28 университеттің ішінен 13-орынға ие болды.

[Толығырақ](#)

# С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ ДАЙДЖЕСТІ

## Amanzholov University-дегі үздік оқиғалар, 2024 год

### ШҚУ ЕЛДЕГІ ҮЗДІК БЕС УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҚАТАРЫНА КІРДІ



2024 жылғы Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарының Ұлттық рейтингі бойынша С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті төртінші орынға ие болып, елдегі көп салалы жоғары оқу орындарының үздік бестігіне кірді.

Айта кетейік, талдау білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз агенттікпен жүргізіледі.

[Толығырақ](#)

### AMANZHOLOV UNIVERSITY ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ОНЛАЙН КУРСЫ COURSERA ӘЛЕМДІК КАТАЛОГЫНА ЕНДІ



Биология кафедрасының қауымдастырылған профессоры Гүлназ Садықанова «Coursera» платформасы үшін техникалық талаптар мен мазмұндық бөлік бойынша оң сараптамалық қорытындыларға ие болған «Эукариоттық жасушаның құрылымдық-функционалдық ұйымдастырылуы немесе жасушаға саяхат» онлайн-курсын таныстырды.

[Толығырақ](#)


### ШҚУ СТУДЕНТІ ««МИСС ҚАЗАҚСТАН-2024» МӘРТЕБЕСНЕ ИЕ БОЛДЫ



С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің студенті, Өскемен қаласының тұрғыны Бағым Балтабаева жыл сайын өтетін «Мисс Қазақстан-2024» байқауында қаламыздың абыройын қорғап, лайықты жоғары мәртебені жеңіп алды. Еске салайық, осыған дейін «Мисс Қазақстан» мәртебесін Өскемен 20 жыл бұрын иеленген.

[Толығырақ](#)

### ЖОО-ҒА БАЛАМАСЫ ЖОҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚ ӘКЕЛІНДІ



«Дана бала» инклюзивті білім беру орталығы педагогика, логопедия және психология саласына қажетті жаңа «Ақылды айна» интерактивті құралымен қамтылды. Инновация жасанды интелект негізінде жұмыс істейтін видеочама және сезімталдығы жоғары микрофонмен жабдықталған.

[Толығырақ](#)

### ИТАЛИЯ ЕЛШІЛІГІНІҢ МӘДЕНИ АТТАШЕСІ ШҚУ-ДА



ШҚУ-ға Алматыдағы Италия мәдениет институтының директоры, Италияның Қазақстандағы елшілігінің мәдени атташесі Эдоардо Крисафулли келді. Қазіргі уақытта лингвистика докторы, аутизм магистрі, Ph.D Крисафулли Эдоардо 2022 жылы Алматыда құрылған және Орталық Азиядағы алғашқы Италия мәдениет институтының директоры қызметін атқарады.

[Толығырақ](#)

### ШҚУ ҒАЛЫМДАРЫ 630 МИЛЛИОН ТЕҢГЕГЕ АЛТЫ ЖОБАНЫ ЖЕҢІП АЛДЫ



ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған байқаудың қорытындысы бойынша ШҚУ қызметкерлері алты жобаны жеңіп алды. Олардың жалпы сомасы 630 млн. теңгеден асады.

[Толығырақ](#)